



АХМЕТОВА Э.К.

**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ  
МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫНЫҢ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ**

**Ахметова Э.К.**

**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ МЕКТЕП ПЕН  
ОТБАСЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ**

**МОНОГРАФИЯ**

«Педагогика», «Әлеуметтік педагогика», «Педагогика және психология», «Арнайы педагогика», «Психология» мамандықтары бойынша студенттерге, магистранттарға, PhD докторанттарға; колледж студенттеріне, мектеп мұғалімдеріне, ҒЗИ және ЖОО ғылыми қызметкерлері мен оқытушыларға ғылыми-әдістемелік құрал ретінде пайдалануға арналған

**Алматы, 2023**

ӘОЖ 376  
ББК 74.200

*Монографияны Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Ғылыми кеңес басып шығаруға ұсынды, №4 хаттама «26» қазан 2023 жыл.*

**Рецензенттер:**

1. **Сманов Лесхан Сманұлы** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің «Психология» кафедрасының профессоры
2. **Алметов Негматжан Шадиметович** – педагогика ғылымдарының докторы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Жалпы педагогика және психология» кафедрасының профессоры
3. **Әбішева Ляззат Пірназарқызы** – Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің «Педагогика» кафедрасының педагогика ғылымдарының кандидаты

**Ахметова Э.К.**

**Инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығы.** *Монография.* – Алматы: ADAL KИTAP, 2023. – 231 б.

**ISBN 978-601-7100-13-1**

Монографияда инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы педагогикалық ынтымақтастығының әдіснамалық негіздері; мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы педагогикалық ынтымақтастығының педагогикалық негіздері; инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы педагогикалық ынтымақтастығының тәжірибелік-эксперименттік жұмысының нәтижелері көрсетілген.

Монографияда зерттеу мәселесі бойынша отандық, алыс және жақын шетелдік ғылыми-зерттеу жұмыстарына және әдебиеттерге талдау жасалып, инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы педагогикалық ынтымақтастығының ғылыми-теориялық негіздері айқындалды.

Инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы педагогикалық ынтымақтастығының әдістемелік тұғырлары мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру мен оларды тәрбиелеуде педагогтар мен ата-аналардың серіктестік қатынастарының өзекті бағыттары мен мазмұндық құрылымын ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді. Зерттеліп

отырған мәселені шешу барысында қазіргі педагогикалық теориядағы заманауи білім беру парадигмаларына негізделіп, мектеп пен отбасы педагогикалық ынтымақтастығы инклюзивті білім беруді дамытудың шарты ретінде анықталды. Қазіргі мектептегі инклюзивті білім беруде «мектеп-отбасы» ынтымақтастық жүйесінің теориясы мен тәжірибесіне талдау жасау арқылы оның факторлары мен ерекшеліктері туралы тұжырымдар жасалды.

Монографияның елеулі нәтижелерінің бірі – инклюзивті білім берудегі мектеп пен отбасы ынтымақтастығының психологиялық-педагогикалық шарттарының айқындалуы. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыста мектеп пен отбасы ынтымақтастығының тиімділігін арттыратын жаңа мүмкіндіктер негізделді. Инклюзивті білім берудегі мәселелердің шешімі мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығын тиімді жүзеге асыру арқылы қарастырылды.

«Мектеп – отбасы» ынтымақтастығы жүйесінде инклюзивті білім берудің құрылымдық - функционалдық моделі» әзірленіп, инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығының әдістемесі мен моделінің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік сынақтан өткізіліп, дәлелденді.

Монография «Педагогика», «Әлеуметтік педагогика», «Педагогика және психология», «Арнайы педагогика», «Психология» мамандықтары бойынша студенттерге, магистранттарға, PhD докторанттарға; колледж студенттеріне, мектеп мұғалімдеріне, ҒЗИ және ЖОО ғылыми қызметкерлері мен оқытушыларға ғылыми-әдістемелік құрал ретінде пайдалануға арналған.

**ӘОЖ 376**  
**ББК 74.200**

**ISBN 978-601-7100-13-1**

© Ахметова Э.К., 2023  
© ADAL KİTAP, 2023

## МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....	7
АНЫҚТАМАЛАР .....	8
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР .....	10
КІРІСПЕ .....	11

<b>1. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ .....</b>	<b>26</b>
1.1 Инклюзивті білім берудің ғылыми-теориялық негіздері.....	26
1.2 Қазіргі мектептегі мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру мәселесі.....	36
1.3 Мектеп пен отбасының педагогикалық ұнтымақтастығы инклюзивті білім беруді дамытудың шарты ретінде .....	50
1.4 Инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы педагогикалық ұнтымақтастығының әдіснамалық тұғырлары.....	66

<b>2. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ .....</b>	<b>73</b>
2.1 Мектеп – отбасы ұнтымақтастық жүйесінде мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім берудің психологиялық-педагогикалық шарттары.....	73
2.2 Инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы педагогикалық ұнтымақтастығының мазмұны мен бағыттары .....	92
2.3 Мектеп – отбасы ұнтымақтастық жүйесінде инклюзивті білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі.....	98

<b>3. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК - ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСЫ .....</b>	<b>105</b>
3.1 Инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы педагогикалық ұнтымақтастығының диагностикасы .....	105
3.2 Инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы педагогикалық ұнтымақтастығы әдістемесінің мазмұны.....	140
3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері.....	173

## КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының бүгінгі білім беру жүйесінде әр бір баланың ақыл-ой қабілеттері мен мүмкіндіктерін, жеке даму ерекшеліктері мен сұраныстарын ескере отырып, ортаның, отбасының қатысуымен инклюзивті білім беруді ұйымдастыру - отандық білім беруді дамытудың маңызды тенденцияларының бірі.

Бүгінде Елімізде барлық балаларды сапалы біліммен қамтамасыз ету мәселесін шешу олардың әлеуметтік, мәдени және басқа да мәртебесіне емес, білім алуға деген тең құқылық саясатына бағытталған. Қай елдің, қандай мемлекеттің болмасын өсіп өркендеуі, өркениетті әлемнен өзіндік орнын алуы – білімді ұлт пен саналы ұрпақ тәрбиесіне тәуелді. Өркениетті еліміздің жарқын болашағы бүгінгі жас ұрпақтың қолында болса, ал осы өскелең ұрпақты сапалы біліммен сусындатып, болашақ мықты тұлға етіп тәрбиелеу бүгінде біздің міндетімізге жүктеліп отыр. Осы тұста мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы «Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – біздің жалпыұлттық міндетіміз», «Балаларға ерекше назар аудару керек. Олар – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі деген ұстаныммен 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады [1]. Балалардың физикалық, зияткерлік, рухани, адамгершілік дамуына ықпал ететін жағдайлар жасау арқылы олардың өмір сүру сапасын жақсарту, құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жеті бағыт бойынша жұмыс жоспарланған: «Білімді бала», «Отбасы – қауіпсіз мекен», «Дені сау бала», «Баласын жетімсіретпеген ел», «Жайлы мекен», «Бала қорғау», «Bala\_time.kz».

Сонымен қатар, президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1-ші қыркүйектегі «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі» - атты халыққа Жолдауында Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуға тиіс екенін ерекше атап өтті [2].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылы қыркүйектің 2-ші қыркүйектегі «Сындарлы қоғам диалог - Қазақстан халқының тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» - атты Жолдауында Отбасы және бала институтын қолдау қажеттігін алға тартты, және инклюзивті қоғам құру мәселесіне

# 1. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМ АҚПАРАТТЫҒЫНЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Инклюзивті білім берудің ғылыми-теориялық негіздері

Қазіргі таңда еліміздегі білім беру саласында ерекше назар аударылып отырған негізгі мәселелердің бірі барлық балалардың жеке басының сұраныстары мен ерекшеліктерін ескере отырып ортаның және отбасының қатысуымен білім беру процесіне толыққанды енгізуді көздейтін инклюзивті білім беру жүйесі.

«Инклюзия» ұғымы ағылшын тілінен аударғанда «inclusion» - «қосу, ендіру, кіріктірілу» деген мағынаны білдіреді, француз тілінен «inclusif» – «ендіру, енгізу» деп аударылса, латын тілінде «include» - «ену» дегенді білдіреді.

*Инклюзивті білім беру* - бүкіл балаларды, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларды білім процесіне ендіру және оларды әлеуметтік бейімделуде бөлектейтін кедергілерді жоюға, бұл балалардың ата-аналарын мектеппен қарым-қатынаста белсенді болуға шақыру, баланы түзету-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына қарай қолдаулар көрсету, яғни, жалпы білім беру сапасын сақтай отырып, тиімді білім беруге бағытталған мемлекеттік саясат [115].

Инклюзивті білім беру идеясының эволюциясында бірнеше маңызды оқиғалар орын алды. Алғашқысы, инклюзивті білім беру философиясының көрінісі Скандинавия елдерінде бастау алған «қалыпқа келтіру» қағидасы болды. Мүгедектігі бар адамдарға «күнделікті өмір сүру және қарапайым қоғамдағы өмір сүру жағдайларына барынша жақын жағдайда өмір сүруге» мүмкіндік беретін процес осылай анықталды [116; 117].

Инклюзивті білім берудің дамуына серпін берген келесі екі жағдай 1960-шы және 1970-ші жылдары АҚШ-та орын алды. Біріншісі - нәсілдік теңдікті жақтайтын азаматтық құқықтар үшін қозғалыстың басталуы, екіншісі - 1975 жылы мүгедек балаларды «ең аз шектеуші ортада» оқыту талабын қамтитын мүгедек балаларды оқыту туралы Заңның қабылдануы.

Үшінші оқиға 1994 жылдың маусым айында 92 Үкіметтің және 25 халықаралық ұйымдардың қатысуымен Испания елінің Саламанка қаласында болған бүкіләлемдік конференция. Мұнда

## ҚОРЫТЫНДЫ

Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы ынтымақтастығының тиімділігі мен әлеуеті жеткілікті деңгейде зерттелмеуі ғылыми жұмысымыздың өзектілігін айқындады. Сонымен қатар, қазіргі мектептегі инклюзивті білім беру мәселесін теориялық және эксперименттік зерттеу қорытындылары, мектеп пен отбасы ынтымақтастығының педагогикалық әлеуетін толыққанды жүзеге асыру арқылы мектептегі инклюзивті білім беруді жетілдіре отырып, МШБ-ның дамуында оң нәтижелерге жету мүмкіндігі дәлелденді.

Бүгінде мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім берудің мәні мен маңыздылығын айқындау үшін «инклюзивті білім беру» және «инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы ынтымақтастығы» ұғымдарының мазмұны нақтыланып, тұжырымдалды: *«Инклюзивті білім беру – тең құқылы білім негізінде барлық балалардың сапалы білім алуын қамтамасыз ету, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларды ортаның, мектеп пен отбасының қолдауымен жалпы білім процесіне ендіру»* - деп нақтылаймыз.

*«Инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы ынтымақтастығы* дегеніміз – ерекше қажеттілігі бар балаларға білім беруде ата-аналарды мектеппен белсенді серіктестікке ынталандыру, мүмкіндігі шектеулі баланы оқытудың жоспарын бірге әзірлеп, нәтижесін бірлесіп бақылау және бағалауға негізделген мектеп пен отбасының сенімді одақтастығы».

1. Мектеп пен отбасы ынтымақтастық жүйесінде МШБ-ға инклюзивті білім беруді жетілдіру және дамыту үшін *гуманистік, құндылықтық, тұлғалық, бағдарлылық, синергетикалық және жүйелік* әдіснамалық тұғырлар таңдалып, негізделді. Инклюзивті білім беруде *гуманистік тұғырдың* бағыты, балаларға, оның ішінде МШБ-ға *эмпатиялық, толеранттық, мейірімділік, ашық қарым-қатынасты орнату, құндылықтық тұғырдың* маңызы – инклюзивті оқытуды ұйымдастыруда әр бір жанға құндылық көзқарас таныту, *тұлғалық-әрекеттік тұғыр* инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда тұлғаға бағытталған барлық принциптер, әдістер мен тәсілдердің сәтті жүзеге асуын қамтамасыз етеді. *Бағдарлылық тұғыр* - бұл жеке тұлғаны қалыптастыру үшін

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды "Балалар жылы" деп жариялады. [Zakon.kz // https://kaz.zakon.kz/6001196-2022-zhyl-elimizde-balalar-zhyly-dep-zhariialandy.html](https://kaz.zakon.kz/6001196-2022-zhyl-elimizde-balalar-zhyly-dep-zhariialandy.html)
- 2 Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы: «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі» // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaev-kazakstan-halkyna-zholdauyn-zhariyalady-181635>
- 3 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2 қыркүйек 2019 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы: Сындарлы қоғам диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі // [http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana](http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana)
- 4 Қазақстан Республикасының «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы. ҚР Үкіметінің 12.10. 2021 ж. №726 қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>
- 5 ҚР білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының негізгі бағыттары туралы айтып берді // <https://primeminister.kz/kz/news/reviews/bilimdi-ult-sapaly-bilim-beru-ulttyk-zhobasy-a-aymagambetov-ulttyk-zhobanyn-negizgi-bagyttary-turaly-aytyp-berdi-2292956>
- 6 Асхат Аймағамбетов инклюзивтіліктің маңыздылығы туралы // <https://bilimland.kz/kk/news-articles/news/asxat-aimagambetov-inklyuzivtiliktin-manyzdylygy-turaly>
- 7 «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. - 378 б.
- 8 Қазақстан Республикасының Конституциясы (Ата Заны). Астана. 30 – тамыз, 1995 ж. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
- 9 Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары



**АХМЕТОВА**  
**Эльмира Калдыбековна**

- философия докторы (PhD) – Педагогика және психология мамандығы бойынша
- Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің «Педагогика» кафедрасының аға оқытушысы
- Қазақстан жас педагог-галымдар қауымдастығының мүшесі (Алматы)
- ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Шымкент қаласы бойынша филиалында педагог-психолог дәріскер

Ахметова Эльмира Калдыбековна

**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ МЕКТЕП ПЕН  
ОТБАСЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮНТҮМАҚТАСТЫҒЫ**

Монография

Редактор Ахметова Э.К.

Басуға 30.11.2023 қол қойылды.  
Пішіні 60x84 1/8. Көлемі 14,4 б.т.  
Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 958

ЖШС "ADAL KİTAP"  
Алматы қ, Досмұхамедов көшесі  
Телефон: +7 747 155 5680  
e-mail: adalkitap@mail.ru